

**6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша  
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған**

**Мергентай Айгульдің**

**«Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру  
жолдарының ғылыми негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық  
жұмысына ресми рецензент – медицина ғылымдарының докторы,  
профессор Ибраев Серік Ескендірұлының**

## **ПІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы ( тәжірибе және ғылым мен техниканың дамыту сұраныстары).**

Еліміздің әрбір медициналық мекеме деңгейінде басқару жүйесін жетілдіру, халық денсаулығын қорғау мәселесі – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты дамудың жаңа кезеңіндегі мемлекеттік саясаттың бір бағыты – медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және денсаулық сақтаудың жоғары технологиялық жүйесін дамыту қажеттілігін көрсетеді. Заманауи денсаулық сақтау саласында кеңінен қолданылатын құралдардың бірі – компьютер, интернет және телекоммуникациялық технологияларды қолдану медициналық ғылым мен тәжірибенің ажырамас бөлігі.

Қағаз жұмыстарын азайту есебінен медициналық көмек көрсету сапасын жақсартуға бағытталған Денсаулық сақтаудың Бірыңғай ақпараттық жүйесі – деректерді беру құралдарымен бірге байланысқан біртұтас жинау, қайта өңдеу әрі талдау негізінде денсаулық сақтауды толық басқару құрылымын қамтамасыз ететін бағдарламалық – техникалық құралдар кешені. Оң нәтижеге бағытталған бұл жүйе денсаулық сақтау саласын жетілдіруге және тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Мергентай Айгульдің диссертациялық жұмысы қазіргі уақытта жалпы дәрігерлік (отбасылық) тәжірибенің жұмысын жетілдіру мен ұйымдастыруға қатысты, бірақ денсаулық сақтаудағы экономикалық ахуалдың қазіргі заманғы даму үрдістерін, халықтың денсаулық жағдайын және амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдардағы жалпы практика дәрігер (отбасылық дәрігер) (ЖПД/ОД) қызметінің ұйымдастыру-нормативтік базасын жетілдіруді талап етеді, бұдан басқа ЖПД/ОД жаңа перспективалы модельдерін әзірлеуге арналған.

**2. Диссертацияға қойылатын талаптар негізіндегі ғылыми нәтижелер.**

Халықтың денсаулығын қорғау барлық жерде алдын алуды дамытуға, ауруларды ерте анықтауға, сапалы емдеу-профилактикалық көмектің қолжетімділігін арттыруға, денсаулық сақтау ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалануға бағытталған. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек денсаулық сақтаудың барлық жүйесінің прогрессивті бағыты мен бағдарын көрсетеді.

Айгуль Мергентайдың қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмысы қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті мәселесі амбулаторлық-емханалық мекемелерде жалпы отбасылық дәрігерлердің атқаратын қызметін тиімді пайдалануға және бағалауға арналған. Екінші бөлім зерттеудің материалдары мен әдістеріне арналған, диссертант зерттеу барысында жүргізген әдістерін толық сипаттаған. Диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімінде амбулаторлық-емханалық мекемелерде отбасылық дәрігерлердің емханада жұмыс істеу (науқасты қабылдау, құжатпен жұмыс істеу, әріптестермен сұхбаттасу және т.б.) кететін уақыт шығымын есептей отырып, отбасылық дәрігерге шамамен бір науқасты қарау үшін қанша уақыт қажет екен деген сауалнамаға жауап ала отырып, сол уақытты болашақта қалай тиімді қолданудың жолдарын көрсетті. Қорытынды диссертациялық жұмыстың мазмұнынан негізделіп жазылып, оның негізгі қағидалары айқындалды.

Ғылыми зерттеу барысында диссертант мынандай қорытындылай нормативтік-құқықтық базаға және әдебиет көздеріне жүргізілген талдау, тұрғындарға медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін дәрігерлердің жұмыс процесін қамтамасыз ету бойынша оны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының аймақтарының медицина қызметкерлерінің өзгерген еңбек жағдайларын және аумақтық ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастыру шешімдерін қабылдау қажеттілігін дәлелдеген.

Диссертант өз ғылыми шығармасында қойылған мақсаты мен міндеттеріне, келтірілген нәтижелері мен қорытындылар толығымен жетті.

Жүргізілген жұмыстың зерттеу деңгейі, алынған нәтижелердің жаңалығы мен олардың ғылымдағы маңыздылығы және тәжірибелік ендірулері 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ие болу үшін қорғауға ұсынылған диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

**3. Диссертацияда қарастырылған, ізденушінің әр шешімдерінің, қорытындылары мен нәтижелерінің (ғылыми ережелер) нақтылығы, негізделуі және шынайлық дәрежесі.**

Ізденуші А. Мергентайдың диссертациясының әдебиеттер тізімі 169 дереккөздер құрайды. Диссертант осы зерттеу төңірегінде әдеби шолу жасап тақырыптың қазіргі уақытта өзектілігін көрсеткен.

Диссертация алдына қойылғын міндеттер толығымен шешілген. Жұмыста көрсетілген нәтижелері мен нақты қорытындылар осы ғылыми жұмыстың мәнін нақтылап отыр. Осы аталған жұмыста жоспарланған жұмыс көлемін және жалпы практика дәрігердің қажеттілігін есептеудің сынақтан

өткізілген әдістемесі жалпы практикалық дәрігер тәжірбиесінде пайдаланылуы мүмкіндігін көрсеткен. Сараптама жағдайында ғылыми негізделген қалалық емханада жалпы практика дәрігерге толық көшу кезінің жұмысын ұйымдастыру нысандары басқа аумақтарда ұсынылуы мүмкіндігін көрсеткен.

Зерттеу нәтижелері негізінде ЖПД дамытудың түрлі МСАК мультидисциплинарлық команда үлгілері ұсынылады.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетіп отырған мамандардың жұмысын талдау үшін арналған ғылыми жұмыстың елімізде тапшы болғандықтан бұл жұмыс сөзсіз мамандар арасында үлкен қызығушылықты көрсетіп отыр. Зерттеуді ізденуші алты кезеңге бөлген, әр кезеңнің өзінің атқаратын міндеттері қойылған. Әдістемелік жағынан ізденуші осы мақсатқа байланысты статистикалық әдістерді дұрыс қолдана білген. Статистикалық талдау кезінде мәліметтің шынайлығында көрсетіп, оларды көрнектеу үшін дұрыс кестелер мен суреттерді қолдана отырып, регрессиялық сипаттамасын пайдаланған, регрессиялық сипаттама арқылы зерттеліп жатқан құбылыстардың өз-ара байланыстары сипатталып қорытындыланды, яғни бір белгілі шама арқылы, екінші белгісіз шаманың қандайда бір уақытта қанша мөлшерге өзгергенін анықтады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша отандық және шет елдік конференцияларда баяндама жасалған.

#### **4. Диссертацияда қарастырылған, диссертанттың берген әрбір нәтижесінің (қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық дәрежесі.**

Диссертациялық жұмыс ғылыми негізделген, жаңашыл нәтижелерден тұрады және оларды жаңа ғылыми жетістік ретінде қабылдауға болады, атап айтсақ:

1) Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін учаскелік дәрігерлермен қамтамасыз етудің тоғыз жылдық динамикасы зерттелінді.

2) Қазақстан Республикасындағы медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін учаскелік дәрігер-терапевт, учаскелік дәрігер-педиатр және жалпы практика дәрігердің қосымша жұмыс атқаруы талданды.

3) Қазақстан Республикасында дәрігер-терапевт, дәрігер-педиатр және жалпы практика дәрігер лауазымдарының толықтыруы зерттелінді

4) Жалпы практика дәрігерінің (отбасылық дәрігер) науқасты емханада қарау кезінде кеткен уақыты анықталды.

5) Жалпы практика дәрігердің (отбасылық дәрігер) медициналық мекемеде атқарған жұмыс уақытының шығындарының құрылымы сипатталынды.

6) Жалпы тәжірибелік дәрігердің (отбасылық дәрігердің) жұмысына алғаш рет хронометраждық әдісті қолдана отырып зерттеме жасалынып бір науқасқа орташа шамамен шығындалатын уақыт мерзімі анықталды.

7) Шыққан нәтижелерді тұжырымдап және қорыта келе қазіргі таңда жалпы практика дәрігердің жұмысын одан әрі жетілдіру мақсатында мультидисциплинарлық команда түрін ұсынады.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін (тұтастығын) бағалау.**

Мергентай Айгульдің өзіндік зерттеу нәтижелерінің қорытындылары, ұсынылатын қағидалары және тәжірибелік ұсыныстары диссертациялық жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді және ғылыми жұмыстың ішкі бірлігін тұрақтандырады. Автордың кешенді зерттеу әдістерін қолдануы жұмыс соңында нақты ғылыми маңыздылығы бар нәтижелерді алуға қол жеткіздірді.

#### **6. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік құндылығы.**

Зерттеу нәтижесінде автормен алынған және есептелген мәліметтер осы өзекті мәселені шешуге өз ықпалын тигізіп отырғанын сөзсіз дәлелі болып отыр, сол себепті алынған нәтижелер жалпы практикалық дәрігердің жұмысын нормалау кезінде әдістемелік құрал ретінде ұсынуға болады.

#### **7. Диссертацияның шешімдері мен қорытындылары, нәтижелері, негізгі ережелердің толық басылымның расталуы**

Диссертация тақырыбы бойынша 19 жұмыс жарық көрді. Оның ішінде 3 мақала ҚР ҒБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспаларда; 1 мақала *Ресейлік ғылыми дәйексөз алу индексі* базасына кіретін журналында; 1 мақала халықаралық ғылыми жариялымда (International Journal of Innovative Science, Engineering & Technology), 1 мақала “*Research Journal of Pharmacy and Technology*” (2018 жылдан бастап SJR 0.19 Scopus, Citescore - 0.38, процентиль 56, 3 квантиль Q3) Scopus мәліметтер базаларына енген халықаралық рецензияланған журналда, 1 баяндама және 3 тезис Қазақстандағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары мен жинақтарында жариялауында, 6 тезис шетелдік конференциялар материалдарында: оның 1-і (*European Journal of Public Health*, (2018 жылы  $IF=2.234$ , квантиль Q2), Web of Science мәліметтер базасында индексирленген халықаралық рецензияланған журналда. 3 зияткерлік жеке меншік (Авторлық куәлік 2017 жылдың 26 сәуір №834; 2019 жыл 24 маусым №4179; 2019 жыл 13 қараша № 6402).

#### **8. Аннотацияның диссертация мазмұнымен сәйкестігі**

Аннотация толығымен диссертация мазмұнына сәйкес келеді және 3 тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған.

#### **9. Диссертацияның мазмұны мен құрылымы жайындағы кемшіліктер**

Автор алға қойылған міндеттерді шеше білген және қорғауға шығарылған қағидаларды дәлелдей алған, бірақ соған қарамастан, диссертация бойынша бірқатар сындар жасалған:

1. Автордың ұсынған жалпы практика дәрігерінің бір пациентке кететін уақыт шығыны бұған дейінгі нормативтермен салыстырғандағы айырмашалықты және тек қана ДСМ-н 2011ж. 5 қаңтардағы №7 бұйрығына ғана өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс жасалғаны туралы диссертациялық жұмыста толығымен айтылмағандықтан түсіндіріп бергені дұрыс. Аталған бұйрықтан кейін шыққан АМСК Стандартын, әрі Ережесін бекіткен нормативтік-құқықтық актілерге неге ұсыныс кіргізбеске (мәселен 03.02.2016ж. №18, 28.04.2015ж. №281 бұйрықтарға)?

2. Диссертациядағы салыстырылатын көрсеткіштердің статистикалық мәнділігі кестелерде сипатталуымен қатар, мәтінде де толығырақ талданған дұрыс.

3. Алынған мәліметтердің еліміз үшін медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету маңыздылығының өте маңызды екенін ескере отырып, жалпы практика дәрігерлер жұмысының тәжірбиелік және теориялық маңыздылығы мен тәжірбелік ұсыныстарын жан-жақты суреттеген жөн.

4. Қазақстан Республикасында 2010-2018 жж аралығында алғашқы дәрігерлік медициналық-санитариялық көмек көрсетіп жатқан дәрігер-терапевттермен қамтамасыз етудің динамикалық үрдісін бағалау және қамтамасыз етілуінің ауытқу коэффициенттері 6 және 7 кестелерін диаграмма ретінде көрсетілгенде көрнектілеу болушы еді.

5. Алынған мәліметтерді талду кезінде диссертант барлық облыстар мен мемлекеттік жеке статусы бар қалаларға жеке-жеке тоқтап сипаттама берген, ал егер тек жоғарғы көрсеткіші бар және ең төменгі көрсеткіші бар аймақтарды көрсеткенде статистикалық мәлімет сандары азайып, аталған көрсеткішті нақтылай түсіруші еді.

6. Диссертациялық жұмыстың кестелері мен қосымшаларындағы техникалық кемшіліктер мен стилистикалық олқылықтарды жөндеген дұрыс.

Сонымен, талқыланғалы отырған диссертациялық жұмысқа аздаған ескертулер жұмыстың мәнділігіне әсер етпейді. Жоғарыда айтылған ескертулер түбегейлі емес. Олардың диссертацияда таңдалған мақсаттарға, зерттеу әдістемесіне, алынған нәтижелері мен қорғауға шығарылған қағидаларына қатысы жоқ.

**10. Диссертацияның аталған мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындау мүмкіндігі бойынша қорытынды.**

Мергентай Айгульдің «Жалпы практика дәрігерлерінің нормативтік жүктемелерін жетілдіру жолдарының ғылыми негіздемесі» атты диссертациялық жұмысының нәтижелері мен қағидалары аяқталған ғылыми зерттеу болып келеді және өзінің мақсаты мен міндеттері, нәтижелері, ғылыми жанашылдығы, тәжірбиелік маңыздылығы мен нәтижелері бойынша

6D110200 – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылған талаптарға толығымен сәйкес.

**Рецензент**

медицина ғылымдарының докторы,  
«Астана медицина университеті» КеАҚ  
Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасының  
профессоры, Alanda клиникасының директоры

*С. Ибраев* С. Ибраев

*Түрмесі Ибраева С  
заверено.*

*Ик-менер*

